



№3 17.01.2013

Жаңызы VIII  
2013

## Тарих пен ұрпақ сабақтастығына — 50 жыл

**Өткен аптада Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми кітапханасында аталмыш оқу ордасының 50 жылдығына арналған іс-шаралардың тұсаукесері өтті.**

«Елу жылда – ел жаңа» демекші, жарты ғасырда үлкен жетістіктерге жетіп, замана үрдісімен қатар өсіп келе жатқан білім ошағының мерейтойын жоғары деңгейде атап өту жоспарлануда. Соған байланысты ұйымдастырылған алғашқы шараға соғыс және еңбек ардагері, Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтын ұйымдастыру жөніндегі комиссия төрағасы Бисен Жұмағалиев пен тыл ардагері Әмірхан Қарасаев арнайы шақырылды.

Алдымен сөз алған университет ректоры, профессор Қазыбай Бозымов оқу ордасының даму тарихымен, оның қалыптасуы мен дамуы жолында аянбай еңбектенген ардагерлердің қызметтік жолымен таныстырды. Сондай-ақ университеттің бүгінгі таңдағы жетістігі мен жемісіне ұшан-теңіз үлес қосқан ардагер ағалардың салып кеткен сара жолын жалғастыру – аға буын өкілдері мен жас ұрпақтың парызы екенін атап өтті.

Соғыс және еңбек ардагері Б.Жұмағалиев университет ұжымын мерейлі мерекелерімен құттықтап, оқу ордасының құрылу және қалыптасу жолына тоқталып, өткенді еске түсірді.

– Өлі есімде, осы оқу орнын Оралдан ашу жөнінде ұсыныс жасалғанда, батыстағы облыстар арасында талас туды. Дегенмен, жергілікті облыстық партия комитетінің Бірінші хатшысы және ҚазақССР-нің министрлер кеңесі Орал өңірі байырғы өлке деп, табиғатының ауылшаруашылық мамандарын даярлауға қолайлылығын және ғылыми ортасы дамыған өңір екенін ескерді. Педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етуге келеді деп шешім қабылдады. Осындай батыл шешімнің нәтижесінде университетіміз батыс өлкесі ғана емес, бүкіл әлемге танылған білім-ғылымның ордасына айналып, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосуда. Қазіргі кездегі оның қарқынды дамуын, ғылыми-зерттеу, инновациялық бағыттағы жетістіктерін естіп, көріп қуанып отырамын. Болашақта бұдан да жақсы дамып, одан әрі өркендей беріңіздер, – деп, Бисен ақсақал ақ батасын берді. Ал бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған Ә.Қарасаев білім ошағының қабырғасында өткен еңбек жолы жайында әңгімеледі. – Мен әрдайым сіздердің әрбір жетістіктеріңізге қуанып отырамын. Қазіргі таңда университетімізді алыс-жақын шет елдер де біліп, тануда. Бұл байырғы оқу орнына және бізге берілген үлкен баға, өзге елдердің бізбен санасуы, – деді Әмірхан Өтенұлы.

Шара барысында сөз алған университеттің ардагерлер кеңесінің төрағасы Өскерғали Шамғонов, ұстаздар Сағындық Бисенов, Тілеужан



Рысқалиевтар қос ардагердің ұстаздық, азаматтық қадір-қасиеттерін ашып, университет тарихы жайында сыр шертті.

Кездесу соңында білім ордасының ректоры Қазыбай Қараұлы барша студенттер мен профессор-оқытушылар ұжымы атынан Бисен Жұмағалиұлы мен Әмірхан Өтенұлының иықтарына шапан жауып, гүл шоқтарын ұсынып, шексіз алғысын жаудырды. Танымдық кешке жиналғандар ардагерлердің фотосуреттері мен еңбектерінің көрмесін қызыға тамашалады.

**Муратбек ЕРЖАҚЫПОВ,**  
университеттің

жастар комитетінің төрағасы